

А.Қ. Егенисова<sup>1\*</sup>, Б.А. Көшімова<sup>1</sup>, А.И. Мамбетова<sup>1</sup>, А.Б. Шарипова<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті

Ақтау қ., 130000, Қазақстан Республикасы

\*e-mail: [Almazhai66@mail.ru](mailto:Almazhai66@mail.ru)

## МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫН ОЗЫҢҚЫ КАДРЛАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ ӨҢІРЛІК СТАНДАРТТАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ ЖАҢА КӘСІПТЕР АТЛАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

### Аңдатпа.

Бұл мақалада Маңғыстау облысы аймағын озыңқы кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеу және жаңа кәсіптер атластарын әзірлеу мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, Форсайт түсінігіне сипаттама беріліп, Маңғыстау өңіріндегі кадр даярлау мәселесінің өзектілігі, сұранысқа ие мамандарды даярлаудың қажеттілігі, жаңа кәсіптер атласын жасау үшін, әрбір өңірде форсайттарды әдіспен жүргізуді меңгерген сертификатталған мамандарды дайындау проблемасы туралы да айтылады. Мамандықтар картасын әзірлеу жөніндегі іс-қимыл алгоритмі өңірді алдын ала талдау, сауалнамалар мен терең сұхбаттар жүргізу, Rapid Foresight әдістемесі бойынша форсайт-сессия ұйымдастыру, 8-11 сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы және жаңа мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу сияқты кезеңдерді қамтиды.

Жобалық кеңсе ретінде Ғылым және жоғары білім министрлігі өңірдің жетекші жоғары оқу орны - Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетін анықталғандығы сөз етіліп, форсайт зерттеу барысында 700-ден астам респонденттерге сандық және сапалық өлшеулер жүргізілілгендігі, 8 білім беру бағдарламасына талдау жасалғандығы, форсайт-сессияға қатысу үшін 79 салалық сарапшы тартылғандығы, 46 негізгі тренд анықталып және 39 жаңа кәсіп негізделгендігі баяндалады.

**Негізгі сөздер:** форсайт, атлас, кәсіп, стандарт, өңір, маман, зерттеу.

### Кіріспе.

Қазақстанда білім, ғылым саласында, кадрлар даярлауда және жалпы экономикада өзгерістер орын алуда. Қазақстан әлемдік аренада әлемнің жетекші экономикаларымен бәсекелесуі қажет, сондықтан өткен жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің базасында екі жаңа министрлік құру туралы шешім қабылданды. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі ғылымның дамуына, Қазақстанның ғылыми-техникалық әлеуетін арттыруға, сондай-ақ жоғары білім беру жүйесі мен кадрларды даярлау мәселелеріне ғана жетекшілік етеді.

Форсайт (ағылш. Foresight - болашаққа көзқарас, көрегендік) - бұл қатысушыларға саланың, аймақтың немесе елдің даму болжамын бірлесіп құруға және осы болжам негізінде қалаған болашаққа қол жеткізу жөніндегі іс-қимылдар туралы келісуге мүмкіндік беретін әлеуметтік технология [1].

Форсайт технологиялық салада өзін жақсы көрсетті, содан кейін бизнесте және ақырында ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап әлеуметтік салада қолданыла бастады. Білім берудегі болашақты ұзақ мерзімді болжау үшін оның мүмкіндіктерін бағалауға тырысайық.

Зерттелетін объектілердің болашақ жағдайын бағалау сипаты Форсайт-жобаларда кейбір ерекшеліктерге ие. Біріншіден, болашақты бағалаудағы өзгергіштік, ықтималдық, сценарий, бұл болашақты «зондтау» ұғымында жақсы көрінеді [2]. Форсайттың екінші маңызды сәті – әртүрлі мамандықтар мен қызмет салаларындағы сарапшылардың

бағалауы мен пайымдауына зерттеулерге сүйенуді көздейтін қатысудың кең форматы. Сарапшылардың өзара әрекеттесу жүйесі Форсайттың тағы бір ерекшелігін көрсетеді – оның процессуалдылығы, оны бейнелі түрде «мәңгі жасыл процесс» ретінде анықтауға мүмкіндік береді [2. –23]. Форсайттың ашықтығы оған әлеуметтік ортада идеяларды тарату арқылы барлық жаңа қатысушыларды тартады. Форсайттың ерекшелігі оның түбегейлі күрделі сипатымен де байланысты. Бұл күрделі дамушы әлемді модельдеудің жоғары мәдениетін, күрделі объектілермен жұмыс істеудің ерекше әдіснамасын меңгеруді, пәнаралық жобаларда және сараптамада бірлесіп шешім қабылдай білуді болжайды. Батыс елдерінде Форсайт-жобаларға қатысатын әртүрлі мамандықтардың сарапшыларының саны ондаған және жүздеген мыңға жетеді.

XXI ғасырдың басынан бастап, Форсайт әлеуметтік объектілерді, құбылыстар мен процестерді талдауға көбірек қолданыла бастады. Бұл үрдіс шетелдік тәжірибеге де, біздің елімізге де тән. Бүгінгі таңда Қазақстан үшін инновациялық процестерге қатысу және ғылымды қажетсінетін экономикаға көшу қажеттілігі аса маңызды болып табылады. Форсайт технологиясы 15-100 жылға арналған стратегиялық даму бағытын қалыптастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Алайда, Қазақстан үшін тіпті 30 жылдық көкжиек белгісіздіктің жоғары деңгейімен сипатталады. Біздің еліміздің болашағы, оның әлемдік кеңістіктегі орны әлі күнге дейін үлкен мәселе болып қала береді. Дамыған ғылымды қажетсінетін экономикасы бар озық елдер бұл мәселелерге технологиялық жетістіктермен жауап береді, ал Қазақстан, өкінішке орай, инновациялық даму деңгейі бойынша дамыған елдерден артта қалушылықты тұрақты түрде көрсетіп келеді.

Сондықтан да, біз, өзгерістер тым жылдам болатын жаңа технологиялық парадигмада өмір сүріп жатырмыз. Бірқатар мамандықтар бойынша алынған білімнің өзектілігі ресми білім алу кезінде жоғалады. Сонымен бірге біз бакалаврларды 3-4 жыл дайындаймыз. Түлектер тек білім алғаннан кейін ғана сұранысқа ие емес. Кейбір елдер, әсіресе алып компаниялар жаңа технологияларды дамытуда алда болды. Сондықтан біз бүгін емес, 5-10 жылдан кейін сұранысқа ие мамандарды дайындауымыз керек.

Озық кадрлық модель бізге болашаққа бағытталған кадрларды даярлауда бұрын-сонды болмаған талпыныс жасауға көмектеседі. Бүгін біз өңірлік жоғары оқу орындарының жанынан осы мәселелермен айналысатын 20 жобалық кеңсе құрдық. Біз үшін әрбір өңірде форсайттарды әдіспен жүргізуді меңгерген сертификатталған мамандар пайда болуы өте маңызды. Бұл тұрғыда Маңғыстау облысы және Yessenov University - Қазақстандағы алғашқы ізашарлар.

Университет базасында қызметкерлерімізге арналған алғашқы форсайт мектебі өткізілді. Бұл мамандар өңірді талдауды, сауалнамалар мен сұхбаттарды, форсайт-сессияларды жүргізе алады және өздерінің алғашқы жұмыстарын Маңғыстау облысының жаңа кәсіптерінің бірінші атласы түрінде көрсетуде.

Бүгінгі таңда үш сала бойынша форсайт-сессиялар өткізілді. Болашақта Yessenov University Маңғыстау облысының одан да көп салаларын қамтиды. Әр сала бойынша атластар жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуге негіз болады. Бұл бағдарламалар еңбек нарығында инновациялық және сұранысқа ие болатындығын, мамандықтар мен құзыреттерге деген қажеттілікті осы салалардың жетекші мамандары айтты.

### **Зерттеу материалдары мен әдістері.**

Қазіргі уақытта ҚР жоғары білім беру жүйесінде жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайларда кадрлар даярлау сапасын арттыруға бағытталған белгілі бір құрылымдық және мазмұндық өзгерістер байқалады. Айта кету керек, бұл бағыт ұзақ уақыт бойы реттелетін модель бойынша жүзеге асырылды, мұнда мемлекеттік тапсырыс негізгі құрал болып табылады, ол әлеуметтік-экономикалық нарығының трендтеріне пост-фактуммен жауап

беруімен сипатталады [3]. Сондықтан экономиканың дамуын ұзақ мерзімді болжауға негізделген және тар серпінді салаларға бағытталған озық кадрлық қамтамасыз ету моделіне көшу бойынша біртіндеп қадам жасалуы қуантады. Маңғыстау облысында осы бағытта бірқатар бастамалар іске асырылуда, ол үшін «Мамандығым – болашағым» жобасы тиімді тұғырнама болды.

Бұл жоба озық кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеуге және жаңа кәсіптер атласын қалыптастыруға бағытталған. Жобалық кеңсе ретінде Ғылым және жоғары білім министрлігі өңірдің жетекші жоғары оқу орны - Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университетін анықтады.

Қазіргі уақытта аталған жоба шеңберінде облыстың ерекшелігін ескере отырып, кадрларға өңірлік қажеттілік картасы қалыптастырылды. Осы картаны әзірлеу жөніндегі іс-қимыл алгоритмі өңірді алдын ала талдау, сауалнамалар мен терең сұхбаттар жүргізу, Rapid Foresight әдістемесі бойынша форсайт-сессия ұйымдастыру, 8-11 сынып оқушылары арасында кәсіптік бағдар беру жұмысы және жаңа мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын әзірлеу сияқты кезеңдерді қамтиды.

Маңғыстау облысы, өздеріңіз білетіндей, экономикасының негізін мұнай-газ секторы құрайтын өнеркәсіптік өңір болып табылады. Тиісінше, жалпы өңірлік өнімнің құрылымында ең үлкен үлес өнеркәсіпке тиесілі (55%), оның 85% - ы мұнай мен газ өндіруге және карьерлерді қазуға бөлінеді. Одан кейін көлік және қойма (11%), құрылыс (5%) және өңдеу (4%). Ішінара туризм саласына жататын салалар (тұру және тамақтану қызметтері, өнер, ойын-сауық және демалыс және т.б.) ЖӨӨ-нің 2% құрайды. Ауыл шаруашылығы саласы ЖӨӨ-де 1% - дан аз [4].

Маңғыстау облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес өңірге 2 169 771,1 млн. теңге сомасына ақшалай қаражат салу көзделген. Инвестиция көлемі бойынша мұнай мен газды қайта өңдеу саласы (293 млрд.теңге), яғни қарастырылып отырған салалардан салымдардың 27% - ы көш бастап тұр. Инвестиция көлемі бойынша екінші орында көлік-логистикалық кешен (271 млрд.). Инвестиция көлемі бойынша үшінші орында туризм саласы (197 млрд.теңге). Айта кету керек, бұл құжатта тұрақты экономикалық өсудің драйверлерінің бірі ретінде аймақтың туристік әлеуетін дамытуға ерекше назар аударылған [5].

Университеттің талдаушылар тобы басым салаларды айқындау мақсатында «Мамандығым-Болашағым» жобасын іске асыру шеңберінде зерттеу жүргізді. Басым салаларды таңдау негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер бойынша көшбасшылардың жоғарғы бестігіне ену арқылы негізделген. Өңірдің одан әрі дамуын реттейтін деректер мен стратегиялық құжаттарды талдауға сүйене отырып, мынадай салалар ұсынылды: химия және мұнай-газ химиясы саласы, туризм, білім беру және педагогика, көлік-логистикалық кешен, мұнай-газ өндіру. Жоба бойынша жұмыстың бірінші кезеңінде алғашқы 3 сала зерттелді.

Форсайт зерттеу барысында 700-ден астам респонденттер арасында сандық және сапалық өлшеулер жүргізілді, 8 білім беру бағдарламасына талдау жасалды, форсайт-сессияға қатысу үшін 79 салалық сарапшы тартылды, 46 негізгі тренд анықталды және 39 жаңа кәсіп негізделді [6].

Сонымен қатар, ғылыми әдіснамасы негізінде бірыңғай стандарт бойынша мектеп оқушыларының қалауы мен кәсіби бейімділігіне кәсіби диагностика жүргізілді. Платформа негізінде Голландия EduNavigator.kz. 13863 лицензия берілді және оқушылардың бірдей саны кәсіби диагностикалық тестілеуден өтеді.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2022 жылғы 16 қарашада Парламент Мәжілісінің отырысында елімізде беделді жетекші шетелдік университеттердің филиалдарын ашу туралы тапсырмасы және «Маңғыстау облысында жаңартылатын энергия және «жасыл» сутегі өндіру жөніндегі орталықты құру» жобасы бойынша инвестициялар туралы келісім аясында озыңқы кадрлық қамтамасыз ету бөлігіндегі бастамаларды ілгерілету жөніндегі қызмет өзекті болып отыр. Қазақстан және «NurAsia One» компаниясы 2022 жылғы 27 қазандағы келісім аясында Есенов университеті мен Неміс Жоғары оқу орындары жаңа өндіріс үшін мамандарды бірлесіп даярлау жұмысын бастады. Білім алушылар үшін бірлескен білім беру гранттарын бөлу жоспарлануда [7].

2022 жылғы 7 қарашада Маңғыстау облысына жұмыс сапары барысында Қасым-Жомарт Тоқаев «Жергілікті жастарға арналған гранттар, мамандардың жетіспеушілігі, сайып келгенде, бүкіл аймақты дамыту – осының бәрі бір-бірімен тығыз байланысты проблемалар екендігін айта кету керек», - деп өңірде сұранысқа ие кәсіби кадрларды даярлауға ерекше назар аудару қажет екенін атап өтті.

Сонымен қатар, Мемлекет басшысы талантты және белсенді жастардың өз әлеуетін іске асыруы үшін жағдайлар мен ынталандырулар жасаудың басымдығына тоқталды.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты озыңқы кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарты мемлекеттік тапсырысты үйлестіру, өңірлік теңгерімсіздіктерді реттеу, кәсіптік бағдар беру жұмысын ұйымдастыру, жоғары білім және ТЖКБ деңгейінде білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту бойынша тиімді қызмет үшін сапалы платформа болады деп санаймыз.

Өнеркәсіпті жеделдетіп өзгерту және модернизациялау жағдайында қандай мамандықты таңдау керек? Бұл сұрақ мектеп оқушылары мен олардың ата-аналарының өміріндегі ең маңызды мәселелердің бірі болып көрінеді. Талапкерлер мен студенттер үшін таңдалған мамандық университет қабырғасында төрт жыл өткізгеннен гөрі кәсіп болуы керек екенін түсіну маңызды. Сондай-ақ талапкерлер алған мамандығы еңбек нарығында сұранысқа ие болатынын және жоғары еңбекақы төленетінін білуі маңызды. Уақыт өзгереді, білім өзгереді, еңбек нарығы өзгереді және адамдарға дұрыс жол табу қиынға соғады. Сондықтан Маңғыстау облысында жаңа кәсіптер атласы әзірленді.

Соғын байланысты, жақсы табыс табудың екі жолы бар:

- 1) өз ісінде ең жақсы маман болу;
- 2) сирек және ерекше мамандыққа ие болу.

Осыған байланысты нарықта жаңа ғана пайда болатын мамандықты алу жақсы болар еді. Бұл атласта үш сала бойынша Маңғыстау облысының жаңа мамандықтары жинақталған: мұнай-газ және мұнай-химия саласы, туризм, сондай-ақ, білім беру және педагогика.

Жаңа мамандықтарды өңірді өзгертетін үрдістер негізінде жоғарыда аталған салалар бойынша Маңғыстау облысының сарапшылары анықтады.

Атласты әзірлеушілердің үлкен тобы өңірлік сарапшылардың көмегімен осы құжатты жасау бойынша жұмыс істеді, оның бір бөлігі форсайт-болжау әдіснамасына негізделген «Мамандығым-болашағым» озық кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандартын қалыптастыру әдістемесін негізге алды.

Әрине, біздің Атлас контекстіндегі Болашақтың бейнесі қиялдың жемісі емес, өйткені оның қалыптасуы көптеген ғылыми әдістерді қолдану арқылы қамтамасыз етілді. Біздің жоба аясында қарастырылып отырған мәселе бойынша халықаралық және отандық тәжірибеге бенчмаркинг жүргізілді, Маңғыстау облысы бойынша статистикалық деректерді жинау және талдау, салалық сарапшылар мен облыс халқы арасында сұхбат және жаппай сауалнама форматтарындағы сапалық және сандық өлшеулер жүргізілді.

Өңірдің жетекші салаларын ұсынатын 96 сарапшының қатысуымен Rapid Foresight әдістемесі бойынша форсайт-сессия ұйымдастырылды [8. –2].


Жұмыстың қорытындысы өңірлік еңбек нарығында сұранысқа ие болатын 39 жаңа мамандық болды. Атласта тек кәсіптердің тізімі ғана емес, сонымен қатар аймақтық сарапшылардың экономика мен аймақтағы кадрларды даярлау жүйесі қалай және қай бағытта өзгертінді туралы перспективалық көзқарасы ашылады. Олардың көзқарасы сізді 3-10 жыл көкжиегінде қандай қызмет саласында көретіндігіңізді түсінуге көмектеседі деп үміттенеміз. Өйткені біз Маңғыстау аймағының дамығанын қалаймыз және Атлас бұған көмектесуге арналған.

Жаңа кәсіптер атласының міндеттерін іске асыруда педагог кадрларға шешуші рөл беріледі. Қазіргі еңбек нарығының сын-тегеуріндері дәстүрлі педагогикалық құзыреттіліктердің кеңеюіне, оның ішінде кәсіптік қызметтің аралас түрлерін дамытуға байланысты. Шынында да, жаңа форматтағы білім, әсіресе жоғары оқу орындарының оқушылары мен колледждер саны үшін, барған сайын пәндік және тәжірибеге бағытталған. Осыған байланысты облыстың оқу орындары қызметкерлерінің кадрлармен қамтамасыз етудің негізгі басымдықтарын және өңірдің білім беру жүйесіндегі жаңа кәсіптерді оқшаулауды анықтау жөніндегі пікірі ерекше қызығушылық тудырады, өйткені олардың ұстанымы мен көзқарасы белгіленген өңірлік жобаны іске асырудың жылдамдығы мен сапасын айқындайды.

#### Нәтижелер және оларды талқылау.

Осы мақсатта білім беру саласының қызметкерлері арасында сауалнама жүргізілді, оған орта, техникалық және кәсіптік, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының 256 өкілі қатысты [8].

Маңғыстау облысындағы білім беру қызметкерлерінің пікірлерін талдау көрсеткендей, респонденттердің басым саны жалпы және кәсіптік білім беруді жаңғыртуды, жұмыс істейтін азаматтардың өздерінің кәсіптік білімдерін үздіксіз жаңарту жүйесін қалыптастыруды және цифрлық экономика саласындағы құзыреттерді игеруді қоса алғанда, жаңа кәсіптік дағдыларды игеруді қажет деп санайды.



Топ құрамында әзірлеуге дайын - 62%

Әзірлеу бойынша жұмыс тобын басқаруға дайын - 12%

Жоқ, дайын емес – 26

Сурет 1 – Қатысушылардың жаңа курстарды/мамандықтарды әзірлеуге қатысуға дайындығы (%)


Ескерту: авторлармен құрастырылған

Осылайша, өңірдің педагогикалық қызметкерлері облыстың білім беру практикасына жаңа кәсіптер атласын енгізуге қолдау көрсетуге және пәрменді қатысуға дайын (Сурет 1). Жалпы алғанда, оң бағалардың сомасы 73 % құрады. Жаңа бағыттарды үйлестіруге және енгізуге дайын екендіктерін білдірді - 61%, педагогтердің 12% жұмыс топтарының құрамында жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуде жұмыс істеуге келіседі. Ағымдағы жоғары жүктеме себебінен Маңғыстау облысының респонденттерінің 27% - ы келіспеушілік ұстанымын білдірді.

Зерттеу барысында еңбек нарығындағы аймақтық ерекшеліктер мен сын-қатерлерге сәйкес ең перспективалы мамандықтардың рейтингі анықталды (Сурет 2). Осы индикатор бойынша таңдаулы кәсіптердің рейтингі мынадай ретпен орналастырылды

Бірінші кезекте, білім беру қызметкерлерінің кәсіптік қоғамдастығы «инклюзивті оқытудың үйлестірушісі» (60 %); «жобалық оқытуды ұйымдастырушы» (59%) «IT-кітапханашы» (52%) және «IT-жаңғырту бойынша меңгеруші» (51%) сияқты мамандықтарды неғұрлым сұранысқа ие деп айқындайды [6. – 28].

Рейтингте екінші орында респонденттердің пікірінше, келешегі аз мамандықтар: «шығармашылық жазу бойынша Репетитор» (26%), «онлайн кездесулер үйлестірушісі» (25%), «онлайн-курстардың продюсері» (24%).



Сурет 2. Маңғыстау облысы үшін ең перспективалы мамандықтардың рейтингі (%).  
Ескерту: авторлармен құрастырылған

Айта кету керек, дәл осы мамандықтар сауалнамаға қатысушылар үшін аймақтың кәсіби қалауы туралы рейтингте олардың болашағын бағалауда белгілі бір қиындықтар туғызады. Біздің ойымызша, бұл көрсеткіш мамандықтардан толық бас тартуды білдірмейді, бірақ бірінші кезекте енгізу үшін ең аз басымыдықты және білім беру бағдарламасына одан әрі енгізу үшін мұқият зерттеудің қажеттілігін көрсетеді.

Маңғыстау педагогтері жаңа мамандықтарды әзірлеу және енгізу қажеттілігін мынадай себептер бойынша орынды деп санайды: жаңа гранттар алу үшін (41,3%), жаңа студенттер мен оқушылар ағынын арттыру үшін (29,8%), педагогикалық технологиялар мен дағдыларды дамыту үшін (53,3%), білім беру мекемесінің жалпы рейтингін арттыру үшін (Атамекен ҰКП) (27,7%), өңірдің бизнесімен жақсы қарым-қатынас жасау үшін (26,4%), өңірдің бизнес - облыстан талантты студенттердің кетуін төмендету үшін (30,2%), білім беру және зерттеу жобаларын іске асыру үшін шаруашылық шарттар санын ұлғайту үшін (24%) түлектердің өңір бизнесімен айналысуы (37,2%) [8. – 9].

Қорыта айтқанда, жаңа кәсіптер атласы бойынша педагогикалық қоғамдастықтың

пікірлерін зерделеу бойынша жүргізілген талдамалық жұмыс Маңғыстау оқу орындары өкілдерінің кадрларға өңірлік қажеттілік картасын қалыптастыру және ілгерілету жөніндегі жұмысқа қатысуға жоғары дайындығын көрсетті. Білім берудегі құзыреттіліктің перспективалық аймағы цифрлық құралдарды пайдалану, оқыту процесін жекелендіру және дербестендіру бойынша технологияларды игеру және т.б. болады. «Жылдам жеңістер» өзгерістерін енгізу моделін пайдалана отырып, қазір ең сұранысқа ие кәсіптер бойынша пилоттық жобаларды дереу іске қосу туралы ұсыныстар енгізілді.

#### **Қаржыландыру туралы ақпарат.**

Бұл зерттеуді Қазақстан Республикасы Ғылым және Жоғары білім Министрлігінің Ғылым және жоғары білім комитеті қаржыландырады (грант №BR21882382).

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

- 1 Leon Fuerth, Evan M.H. Faber. Anticipatory Governance Practical Upgrades: Equipping the Executive Branch to Cope with Increasing Speed and Complexity of Major Challenges. Available at: — URL: [Anticipatory Governance Practical Upgrades: Equipping the Executive Branch to Cope with Increasing Speed and Complexity of Major Challenges > National Defense University Press > Publications | NDU Press](#) (accessed: 18.12.2023)
- 2 Назарова И.Р. Форсайт в исследованиях будущего российского образования. Высшее образование в России. — № 7. — 2020. — Б 22-23.
- 3 Airaksinen, T.H., Halinen, I., & Linturi, H. Futuribles of learning 2030 - Delphi supports the reform of the core curricula in Finland. European Journal of Futures Research. Available at: — URL: <http://dx.doi.org/10.1007/s40309-016-0096-y> (accessed: 13.01.2024)
- 4 «Learn for Life — Ready for the Future: Updating our curriculum and future skills for teachers». Available at: — URL: [Learn for Life – Ready for the Future: Refreshing Our Curriculum and Skillsfuture for Educators | MOE](#) (accessed: 19.12.2023)
- 5 Атлас новых профессий Павлодарской области. [Электронный ресурс] — URL: Атлас новых профессий Павлодарской области - Білімді Ел - Образованная страна [bilimdinews.kz](http://bilimdinews.kz) (дата обращения: 04.12.2023)
- 6 Маңғыстау облысының жаңа мамандықтар мен құзыреттерінің атласы. — «Либер» баспасы. Алматы: — 2023. — 86 б.
- 7 Мамбетова А., Егенисова А., Мендалиева Ш., Аккенжеева Ш., Кошимова Б.А., Косымбаева Ш., Каюпова Ф. Маңғыстау облысын озық кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандартын әзірлеу және жаңа кәсіптер атласын қалыптастыру. «Ғылым – Маңғыстау өңірінің тұрақты дамуының негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. — Ақтау. — 2023. — Б. 5-7.
- 8 Мамбетова А.И., Егенисова А.К., Мендалиева Ш.О., Аккенжеева А.Ш., Косымбаева Ш.И., Каюпова Ф.М. Форсайт-прогнозирование рынка труда в нефтехимической и нефтегазовой отрасли. Интернаука: электрон. научн. журн. 2023. № 27(297). [Электронный ресурс] — URL: <https://internauka.org/journal/science/internauka/297> (дата обращения: 18.12.2023)

### **РАЗРАБОТКА РЕГИОНАЛЬНЫХ СТАНДАРТОВ ОБЕСПЕЧЕНИЯ МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ ПЕРЕДОВЫМИ КАДРАМИ И ФОРМИРОВАНИЕ АТЛАСА НОВЫХ ПРОФЕССИЙ**

#### **Аннотация.**

В данной статье рассматриваются вопросы разработки региональных стандартов обеспечения опережающими кадрами региона Мангистауской области и разработки Атласов новых профессий. Кроме того, будет дана характеристика понятию Форсайт и озвучена актуальность проблемы подготовки кадров в Мангистауском регионе, необходимость подготовки востребованных специалистов, проблема подготовки сертифицированных специалистов, владеющих методом ведения Форсайт в каждом регионе для создания Атласа новых профессий. Алгоритм действий по разработке карты специальностей включает такие этапы, как предварительный анализ региона, проведение опросов и углубленных интервью, организация форсайт-сессии

*Маңғыстау облысын озыңқы кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеу және жаңа кәсіптер атласын қалыптастыру*

по методике Rapid Foresight, профориентационная работа среди учащихся 8-11 классов и разработка образовательных программ по новым специальностям.

Отметим, что в качестве проектного офиса Министерством науки и высшего образования определен ведущий вуз региона - Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, в ходе форсайт-исследования проведено количественное и качественное измерение более 700 респондентов, проанализировано 8 образовательных программ, для участия в форсайт-сессии привлечено 79 отраслевых экспертов, 46 основных определены тренды и обосновываются 39 новых профессий.

**Ключевые слова:** форсайт, атлас, профессия, стандарт, регион, специалист, исследование.

## DEVELOPMENT OF REGIONAL STANDARDS FOR PROVIDING THE MANGYSTAU REGION WITH ADVANCED PERSONNEL AND THE FORMATION OF AN ATLAS OF NEW PROFESSIONS

### Abstract.

This article discusses the issues of developing regional standards for providing the Mangystau region with advanced personnel and developing atlases of new professions. In addition, the concept of Foresight is described, the relevance of the issue of Personnel Training in Mangystau region, the need to train in-demand specialists, the problem of training certified specialists who are able to conduct foresight methodically in each region to create an atlas of new professions. The algorithm of actions for developing a map of specialties includes such stages as a preliminary analysis of the region, conducting surveys and in-depth interviews, organizing a foresight session on the Rapid Foresight methodology, career guidance work among students in grades 8-11 and developing educational programs for new specialties.

It is noted that the Ministry of Science and higher education has identified the leading higher educational institution of the region - the Caspian University of technology and engineering named after Sh. Yessenov, in the course of the foresight study, quantitative and qualitative measurements were made for more than 700 respondents, 8 educational programs were analyzed, 79 industry experts were involved to participate in the foresight session, 46 key trends were identified and 39 new professions were based.

**Key words:** foresight, atlas, profession, standard, region, specialist, research.

### REFERENCES

- 1 Leon Fuerth, Evan M.H. Faber. Anticipatory Governance Practical Upgrades: Equipping the Executive Branch to Cope with Increasing Speed and Complexity of Major Challenges. Available at: — URL: [Anticipatory Governance Practical Upgrades: Equipping the Executive Branch to Cope with Increasing Speed and Complexity of Major Challenges > National Defense University Press > Publications | NDU Press](#) [In English] (accessed: 18.12.2023)
- 2 Nazarova I.R. Forsajt v issledovaniyah budushchego rossijskogo obrazovaniya [*Foresight in research on the future of Russian education*]. Vysshee obrazovanie v Rossii. № 7. 2020. P. 22-23. [In Russian]
- 3 Airaksinen, T.H., Halinen, I., & Linturi, H. Futuribles of learning 2030 - Delphi supports the reform of the core curricula in Finland. European Journal of Futures Research. Available at: — URL: <http://dx.doi.org/10.1007/s40309-016-0096-y> [In English] (accessed: 13.01.2024)
- 4 «Learn for Life — Ready for the Future: Updating our curriculum and future skills for teachers». Available at: — URL: [Learn for Life – Ready for the Future: Refreshing Our Curriculum and Skillsfuture for Educators | MOE](#) [In English] (accessed: 19.12.2023)
- 5 Atlas novyh professij Pavlodarskoj oblasti [*Atlas of new professions of Pavlodar region*]. Available at: - URL: Атлас новых профессий Павлодарской области - Білімді Ел - Образованная страна ([bilimdinews.kz](#)) [In Russian] (accessed: 04.12.2023)
- 6 Mañğystau oblysynyñ jaña mamandyqtar men qūzyretteriniñ atlası [*Atlas of new professions and competencies of Mangystau region*]. «Liber» baspasy. Almaty. 2023. 86 p. [In Kazakh]
- 7 Mambetova A., Egenisova A., Mendalieva Ş., Akkenjeeva Ş., Koşimova B.A., Kosymbaeva Ş., Kaiupova F. Mañğystau oblysyn ozyq kadrlarmen qamtamasyz etudiñ öñirlik standartyn äzirleu jáne jaña käsıpter atlasyn qalyptastyru (*Development of a regional standard for providing the Mangystau region with advanced personnel and the formation of an atlas of new professions*). «Ğylym – Mañğystau öñiriniñ tūraqty damuynyñ negizi» halyqaralyq ğylymi-praktikalyq konferensia materialdary. Aqtau. 2023. P. 5-7. [In Kazakh]
- 8 Mambetova A.I., Egenisova A.K., Mendalieva Sh.O., Akkenzheeva A.Sh., Kosymbaeva Sh.I., Kayupova F.M. Forsajt-prognozirovaniye rynka truda v neftekhimicheskoy i neftegazovoy otrasli [*Foresight forecasting of the*

labor market in the petrochemical and oil and gas industry]. Internauka: elektron. nauchn. zhurn. 2023. № 27(297). Available at: — URL: <https://internauka.org/journal/science/internauka/297> [In Russian] (accessed: 18.12.2023)

### Information about authors:

Almazhai Yegenisova - **corresponding author**, candidate of psychological sciences, associate professor, lecturer at the department of «Pedagogy», Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [Almazhai66@mail.ru](mailto:Almazhai66@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1568-7912>

Bibatpa Koshimova - candidate of philological sciences, professor, lecturer at the department of «Phylology», Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [biatpa.koshimova@yu.edu.kz](mailto:biatpa.koshimova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5544-3712>

Altyn Mambetova - candidate of cultural sciences, associate professor, department of «Assembly of peoples of Kazakhstan», Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [altyn.mambetova@yu.edu.kz](mailto:altyn.mambetova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2661-1956>

Aigerim Sharipova - master, lecturer at the department of «Pedagogy», Caspian University of Technology and Engineering named after Sh. Yessenov, Aktau, Republic of Kazakhstan

E-mail: [aigerim1.sharipova@yu.edu.kz](mailto:aigerim1.sharipova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1348-1112>

### Информация об авторах:

Алмажай Егенисова – **основной автор**, кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, кафедра «Педагогика», Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан

E-mail: [Almazhai66@mail.ru](mailto:Almazhai66@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1568-7912>

Бибатпа Кошимова - кандидат филологических наук, профессор, кафедра «Филология», Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан

E-mail: [biatpa.koshimova@yu.edu.kz](mailto:biatpa.koshimova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5544-3712>

Алтын Мамбетова – кандидат культурологических наук, ассоциированный профессор, кафедра «Ассамблея народов Казахстана», Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан

E-mail: [altyn.mambetova@yu.edu.kz](mailto:altyn.mambetova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2661-1956>

Айгерим Шарипова - магистр, кафедра «Педагогика», Каспийский университет технологий и инжиниринга имени Ш. Есенова, г. Актау, Республика Казахстан

E-mail: [aigerim1.sharipova@yu.edu.kz](mailto:aigerim1.sharipova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1348-1112>

### Авторлар туралы ақпарат:

Алмажай Егенисова – **негізгі автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Педагогика» кафедрасы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [Almazhai66@mail.ru](mailto:Almazhai66@mail.ru)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1568-7912>

Бибатпа Кошимова – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, «Филология» кафедрасы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Актау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [biatpa.koshimova@yu.edu.kz](mailto:biatpa.koshimova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-5544-3712>

*Маңғыстау облысын озыңқы кадрлармен қамтамасыз етудің өңірлік стандарттарын әзірлеу және жаңа кәсіптер атласын қалыптастыру*

Алтын Мамбетова – мәдениеттану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Қазақстан халықтары ассамблеясы» кафедрасы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [altyn.mambetova@yu.edu.kz](mailto:altyn.mambetova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-2661-1956>

Айгерим Шарипова – магистр, оқытушы, «Педагогика» кафедрасы, Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: [aigerim1.sharipova@yu.edu.kz](mailto:aigerim1.sharipova@yu.edu.kz)

ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-1348-1112>